

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### **Болашағымызға деген қамқорлық бүгіннен басталады: зейнетақымызды болжаймыз және жоспарлаймыз**

2024 жылдың 20 қыркүйегінде "БЖЗҚ" АҚ-ның барлық филиалдарында "Болашақ зейнетақыны қалай жинақтап, болжамды мөлшерін білуге болады: зейнетақы калькуляторы және жинақтау жоспары" тақырыбында дәстүрлі Ашық есік күні өтті.

Биыл Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесі өзінің 26 жылдығын атап өтті. Осы уақыт ішінде жас қазақстандықтардың тұтастай бір буыны өсті. Жастар енді мемлекеттік бюджеттен ортақ зейнетақы төлемдерін ала алмайды. Десек те, лайықты зейнетақыны өз бетінше қалыптастыру мүмкіндігіне ие. Сондықтан, қарттық шақтағы өміріңіз жайлы болу үшін, зейнетақыны жас кезден бастап жоспарлау қажет.

Өздеріңізге белгілі, қазір қазақстандық зейнетақы жүйесі бірнеше деңгейден және төлем көздерінен тұрады: мемлекеттік бюджеттен базалық және ортақ бөліктер түссе, жинақтаушы бөлік БЖЗҚ-ға аударылатын міндетті және ерікті жарналар есебінен қалыптастырылады. Қазақстанда зейнетақымен қамсыздандыру жауапкершілігі үш тарапқа бөлінген, олар: мемлекет, азаматтар және жұмыс берушілер. Сондықтан, қызметкер үшін жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын уақытылы аударуын қадағалап, өзінің болашақ зейнетақысын дұрыс жоспарлау өте маңызды. Қор мамандары "Ашық есік күніне" қатысушылармен болған кездесуде зейнетақыны болжауға және жоспарлауға көмектесетін құралдар туралы баяндады.

**"Зейнетақы калькуляторы"** және **"Зейнетақы жинақтарының жеке жоспары"** сервистерінің көмегімен сіз өзіңіздің болашақ зейнетақыңызды алдын ала есептеп, оны ұлғайту жөніндегі шараларды ойластырып/жоспарлай аласыз.

Іс-шараға қатысушылар БЖЗҚ сайты мен БЖЗҚ/ЕНПФ ұялы қосымшасындағы "Зейнетақы калькуляторы" көмегімен болашақ төлемдерді есептеу мәселесіне ерекше қызығушылық танытты. Қонақтардың көпшілігі ағымдағы және болжамды калькулятордың мүмкіндігін жоғары бағалады, бұл пайдаланушыға барлық зейнетақы төлемдерінің, соның ішінде мемлекеттік бюджет есебінен зейнетақының және БЖЗҚ-дан жинақтаушы төлемнің болжамды мөлшерін дербес есептеуге мүмкіндік береді.

Қатысушыларды, сондай-ақ, зейнетақы калькуляторының [сақтандыру ұйымынан берілетін сақтандыру сыйлықақысы мен сақтандыру төлемін есептеу бойынша өзектендіру және Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасындағы](#)

соңғы өзгерістерге сәйкес болжамды зейнетақы калькуляторының қызметтері сияқты жаңа функциялар да қызықтырды.

Іс-шара барысында қатысушыларға зейнетақы жоспары арқылы қажетті зейнетақыны қалай жоспарлау керектігі көрсетіліп, оларды сервистің жаңа дизайнымен және жаңа функциялармен, атап айтсақ, салымшының жинақтаушы жүйедегі өтілін автоматты түрде есептеу мүмкіндігімен таныстырды. Сондай-ақ, жоспарланған мақсатқа, мысалы, ерікті зейнетақы жарналарының көмегімен қалай қол жеткізуге болатындығы туралы кеңестер берілді.

Негізгі тақырыпты талқылаудан басқа, БЖЗК бөлімшелерінің жауапты қызметкерлері қатысушылардың сұрақтарына жауап беріп, тілек білдірушілермен жеке ақыл-кеңес өткізді.

Атап кетейік, зейнетақы жүйесі мәселелері бойынша ақыл-кеңесті БЖЗК филиалдарына өзіңіз барып та, [enpf.kz](http://enpf.kz) сайтында, мессенджерлерде және әлеуметтік желілерде онлайн режимінде де алуға болады. Мұны қалай жасау керектігі іс-шара барысында айтылды.

Онлайн кездесу салымшылар арасында үлкен қызығушылық тудырды. Қатысушылардың пікірлері бойынша пайдалы және нәтижелі болды.

*БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*